

Оқытушы: *Н. Жанабек*  
Бөлім бастығы: *О. Мастерская*



## 2 – ДӘРІС. ЛЕКСИКА

**Дәрістің тақырыбы:** Лексика. Омонимдер. Синонимдер. Антонимдер.

**Тема лекции:** Лексика. Омонимы. Синонимы. Антонимы.

**МАҚСАТЫ:** Жаңа тақырыпты жан-жақты түсіндіру. Жаттығулармен жұмыс жасау. Сөздерді оку, жаттау.

### I. Кіріспе (введение)

Жаңа тақырып (Новая тема):

### ОМОНИМДЕР (Омонимы)

Айтылуы, дыбысталуы бірдей, мағынасы әр түрлі сөздерді **омонимдер** деп атайды.

Сыртқы дыбысталуы жағынан омонимдер көп мағыналы сөздерге ұксас келеді. Омонимдер мен көп мағыналы сөздердің айырмашылығы: көп мағыналы сөздер бір мағынадан тарағандықтан, түпкі мағынаның бірлігі сакталады, бір сөз табына қатысты болады, омоним сөздер мағыналары жағынан бір-бірінен алшақ болады әрі бір сөз табына жататын сөздер ғана кірмейді, олар әр сөз табынан құрала береді.

Мысалы: **жұз**.

- 1) **Жұз** кітап – заттың санын білдіретін сөз.
- 2) **Жұзі** жарқын – бет-әлпетті, түрді білдіретін зат есім.
- 3) Пышақтың **жұзі** – пышақтың қайралған, өткір жағы.
- 4) Суда жұзу – қымыл мағынасындағы сөз.

**Омонимы** – слова, одинаковые по звучанию и написанию, но разные по лексическому значению.

Омонимы могут быть не только лексическими, но и грамматическими, совпадающими либо только по звучанию, либо по написанию.

Например: **замок** – **замок** (сущ.), **печь** (сущ.) - **печь** (глаг.), **лук** - **растение** и **лук** – **оружие**, и другое

**Жаттығу (Упражнение):**

1. Төмендегі мақалдарды оқып, омоним сөздерді табыныздар (Прочитайте

**пословицы и найдите в них омонимы).**

**1) Арық атқа қамшы жау** (Худому коню плетка – враг).  
Арық қазбасаң су келмейді (Если не прокопаешь арык, воды не будет).

**2) Алма ағашынан алыс түспейді** (Яблоко от яблони недалеко падает).  
Алтын алма, алғыс ал (Получай благодарность, а не золото).

**3) Кәрі кетеді, жас қалады** (Старые уходят, молодые остаются).

Шын жыласа соқыр көзден жас шығады (Если человек плачет искренне, то даже у слепого из глаз текут слезы).

**4) Қыс азығын жаз жина** (Готовь сани летом).

#### ***Сөйлемдер (предложения):***

Қызметтік хатты тезірек жаз! (Побыстрее напиши служебное письмо!)

**5) Әйгерімнің көйлегі қара тұсті** (У Айгерим платье черного цвета).

Бұгін жаңалықтарды қара (Посмотри сегодня новости).

**6) Шаш – қыздың көркі** (Волосы – красота девушки).

Асқардың бетіне су шаш! (Облей водой лицо Аскара!)

**7) Айжанның қасы қалың** (У Айжан густые брови).

Үйдің қасында гүлдер өсті (Около дома выросли цветы).

Ит пен мысық бір-біріне қас (Собаки и кошки друг другу враги).

#### **СИНОНИМДЕР (Синонимы)**

Мағыналары жағынан бір-біріне жуық, дыбысталуы әр түрлі сөздерді **синонимдер** деп атайды.

#### **Синонимдердің негізгі белгілері:**

1. Сөздердің дыбысталуы әр алуан болуы тиіс.
2. Сөздер бір мағына тәнірекінде болуы шарт.
3. Бір сөз табынаған қатысты болады.

4. Сөйлемде сөзді синонимдес сөзбен ауыстырған жағдайда бір ғана сөйлем мүшесінің қызметін атқарады.

*Мысалы:* Жиналған ел (жұрт, қауым, әлеумет, көпшілік, халық, халайық) төраға сөзін үйіп тындарды.

### АНТОНИМДЕР (Антонимы)

Тілдегі мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөздерді **антонимдер** деп атайды. Мысалы: жақсы-жаман; ескі-жасаң; пайда-зиян, т.б.

**Антонимдер** – ойды әсірелеп, бейнелеп, сөзге зат, құбылыс, сапа, белгі, қимылды білдіретін сөзді қарама-қарсы жарастыра, қатар қою арқылы дәл, нақты ашудың құралы. **Мысалы: Улкенге-ізет, кішіге-құрмет.**

Сөздердің барлығына бірдей антоним сөз табыла бермейді. Антоним болатын сөздер көбіне сапалық белгіні білдіретін сын есімдер мен қимыл-әрекетті анықтайтын етістіктерден болады.

Антонимдес сөздер бір сөз табына қатысты. Мысалы: *өтірік-шындық; биік-аласа; жогары-төмен, т.б.*

### Синонимы. Антонимы.

<p><b>Синонимы</b> – слова одной и той же части речи, которые обозначают одно и то же, но отличаются друг от друга оттенками лексического значения.</p> <p><u>Родина, отчизна, отечество (сущ.)</u></p> <p><u>Интересный, увлекательный, занимательный (прил.)</u></p> <p><u>Строить, создавать, возводить (глагол)</u></p>	<p><b>Антонимы</b> – слова одной и той же части речи с противоположным лексическим значением.</p> <p><u>Правда-ложь (сущ.)</u></p> <p><u>Далеко-близко (нареч.)</u></p> <p><u>Старый-новый (прил.)</u></p>
<p>1. Для более точного выражения мысли.</p> <p>2. Для выражения эмоциональной окраски.</p> <p>3. Как средство преодоления неоправданного повторения одного и того же слова.</p> <p>4. Как способ связи соседних</p>	<p>Для придания словам точности и выразительности.</p>

предложений в тексте.

### Жаттығу (Упражнение):

1. Төмендегі мәтінді оқып, синоним сөздерді табыңыздар. Мазмұнын айтыңыздар (Прочитайте текст, найдите в нем слова синонимы. Перескажите текст).

Менің Отаным – Қазақстан. Дүние жүзінде атамекеніміз жер көлемі бойынша тоғызыншы орында. Туган жеріміздің табиғаты өте әдемі. Әсіреле, Бурабай аймағы ерекше сұлу таулары мен көлдерімен, ормандары мен таза ауасымен танымал. Әйгілі жазушыларымыз Бурабай өлкесінің көркем табиғатын шығармаларында суреттеген. Біздің Бурабайды атақты Швейцарияға теңдейді.

Қазақстан – тәуелсіз ел. Биыл бостандық алғанымызға жиырма бес жыл толды. Еліміз азаттық жолында көптеген қындықтарға тап болды. Біздің батыл ұлдарымыз бер ержүрек қыздарымыздың ерліктері мәнгі тарихта қалады. Барлық Республика бойынша Тәуелсіздіктің 25 жылдығы тойланды. Мектептерде де мұғалімдер окушылармен бірге ұлтжандылыққа баулытын іс-шаралар ұйымдастыруды. Әр ұстаз өз шәкіртінің Отанға деген сүйіспеншілігін арттыруға тырысты.

2. Диалогты оқыңыздар. Антоним сөздерді табыңыздар (Прочитайте диалог. Найдите в них антонимы).

- Сәлем, досым! Қалың қалай? Сендерде ауа райы қандай?
- Сәлем, құрбым! Бізде бүгін ауа райы сұық. Ал сендерде ше?
- Бізде керісінше күн жылы.
- Кеше Астанада күндіз қар жауды да, түнде боран соқты.
- Түсінікті. Бүгін Алматыда қаланың дәл ортасында үлкен, әдемі шыршаны орнатып қойды. Университеттің алдында да кішкентай шырша тұр.
- Керемет! Жаңа жылдың жакындағаны сезіледі. Сен демалыста не істейсін?
- Біз отбасымызбен алыста тұратын ағамызға қонаққа барамыз. Ал сен ше?
- Мен де туыстарыма қыдырып барамын. Бірақ олар жақын жерде тұрады.
- Жақсы онда. Сау бол! Демалысын қызықты өтсін.
- Рахмет. Сенің де. Сау бол!

### Мақалдар (Пословицы):

1. Көз көрқақ, қол батыр.  
(Глаза боятся, а руки делают)
2. Дос жылатып айтады,

Дұшпан күлдіріп айтады.  
 (Друг говорит колко, а враг – потешаясь)

**3.** Жақсы әке - жаман балаға қырық жылдық ризық  
 (Добрая слава отца сорок лет служит непутевому сыну)

**4.** Ағайын бірде араз, бірде тату.  
 (Родичи иссорятся, и мирятся, но никогда не расходятся)

**5.** Жақыныңды жат етсен, Жатқа күлкі боларсын.  
 (Сторонитесь своих – стать посмешищем для чужих)

### СӨЗДІКПЕН ЖҰМЫС. Сандар (Цифры)

ҚАЗАҚША	ОРИСША
БІР	ОДИН
ЕКІ	ДВА
ҮШ	ТРИ
ТӨРТ	ЧЕТЫРЕ
БЕС	ПЯТЬ
АЛТЫ	ШЕСТЬ
ЖЕТИ	СЕМЬ
СЕГІЗ	ВОСЕМЬ
ТОҒЫЗ	ДЕВЯТЬ
ОН	ДЕСЯТЬ
ЖИҮРМА	ДВАДЦАТЬ
ОТЫЗ	ТРИДЦАТЬ
ҚЫРЫҚ	СОРOK
ЕЛУ	ПЯТЬДЕСЯТ
АЛПЫС	ШЕСТЬДЕСЯТ
ЖЕТПІС	СЕМЬДЕСЯТ
СЕКСЕН	ВОСЕМЬДЕСЯТ
ТОҚСАН	ДЕВЯНОСТО
ЖҰЗ	СТО
ЕКІ ЖҰЗ	ДВЕСТИ
ҮШ ЖҰЗ	ТРИСТА
ТӨРТ ЖҰЗ	ЧЕТЫРЕСТА
БЕС ЖҰЗ	ПЯТЬСОТ
АЛТЫ ЖҰЗ	ШЕСТЬСОТ
ЖЕТИ ЖҰЗ	СЕМЬСОТ

СЕГІЗ ЖУЗ	ВОСЕМЬСОТ
ТОҒЫЗ ЖУЗ	ДЕВЯТЬСОТ
МЫҢ	ТЫСЯЧА
ТӘУЛІК	СУТКИ
КҮН	ДЕНЬ
ТҮН	НОЧЬ
АПТА	НЕДЕЛЯ
АЙ	МЕСЯЦ
ЖЫЛ	ГОД
ҒАСЫР	ВЕК
ӨМІР	ЖИЗНЬ
УАҚЫТ	ВРЕМЯ

**ҮЙГЕ:** Ережелерді оқу, мақалдар мен сөздерді жаттау.